

**«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ**

**Бекітемін**

**ДТЖО:**  **Куанышқали Еркебұлан**

**Тақырыбы:**

**Баланың тапқырлығы мен эрудициясын  
қалай дамытуға болады?**

**Дайындаған : Бастауыш бірлестігі**

**2023- 2024 оқу жылы**

Өтетін орны	<b>«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ</b> Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы (екінші қабат)	
Күні уақыты	<b>13 қаңтар 2024 жыл сағат: 10:00</b>	
Жауапты мұғалімдер	<b>1- 4 класс жетекшілері Бастауыш бірлестігі</b> Камаладинова Н.А,Кулманова З.С, Еңсегенова Ж.Е,Мұстафа Н.Қ	
Тақырыбы:	Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?	
Мақсаты:	Ата – аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту	
Құндылық	Ұлттық құндылық,сыйластық,тапқырлық	
Қолданылатын ресурстар	Ұлттық құндылыққа дайындалған тақта,салт – дәстүрлерге арналған пазлдар, ұлттық тағамдар(бауырсақ, сусын), ұлттық киімдер	
Өту барысы	Мазмұны	Ресурстар
Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру	<p>- Сәлеметсіздер ме, ата-аналар!Сіздерді көтеріңкі көңіл күйде көргеніме қуаныштымын. «Сәлем - сөздің анасы» демекші баршамыз бір – бірімізге жағымды көңіл білдіріп амандасып алайық. (Кімге қалай амандасқан ұнайды)</p> <p>Керемет, осындай көтеріңкі көңілмен бүгінгі жұмысымызға сәттілік тілеп, бастайық</p>	Қол алысып, төс қағысып, иіліп сәлем салуға болады
Жұмыс тақырыбы	<p><i>Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?</i></p> <p>Жұмыс мақсатымен таныстыру</p> <p>Алғы сөз: <i>Кулманова З.С</i></p> <p>Биылғы оқу жылында өздеріңізге белгілі «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тұжырымдамалық негіздері енгізіліп, министрлік оқушылар мен ата –аналармен, қоғамдық жұмысты жандандыруға бағытталған 2023 -2025 жылдарға арналған Бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірледі.Ол осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата –аналарға қолдау көрсету орталықтары жұмыс істей бастады.Олардың ең бірінші басымдығы- балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, бала тәрбиесін оң мәдениетті тәрбиелеу</p>	Тақтада көрсетіледі
		Ауызша түсіндірме

	Біз өздеріңізбен бірге орындалатын бірнеше ойын түрлерін дайындадық	
<b>«Ойлан, жұптас, бірік» әдісі</b>	<b>«Салт – дәстүрлер» сөйледі</b> <i>Мағынасын ашып түсіндіріп береді</i> <i>Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға, құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу – басты мақсатымыз</i>  Жауапты : Еңсегенова Ж.Е	Пазлдар құрастыру арқылы салт – дәстүрлерді атайды
<b>«Бірге ойлаймыз » әдісі</b>	<b>«Үстел үсті ойындары» ұлттық ойын</b> <i>Асықтарды ажырата отырып берілген сандарды шатшаң есептеу, саусақ белгілерімен таңбалау</i>  Жауапты: Камаладинова Н.А	Қима асықтар арқылы тез, дұрыс жауап беру
<b>«Кім епті» әдісі</b>	<b>«Бес тас» ойыны</b> <i>Ойыншыны жылдамдыққа, қазілездікке, тез шешім қабылдауға үйретеді</i>  Жауапты: Мұстафа.Н.Қ	Бес тас Ойыншы санына қарай
<b>Қорытынды</b>	Эрудиция мен тапқырлықты дамытудағы – ең бастысы – балалармен осындай ұлттық құндылықтарды дәріптеу, есте сақтау мақсатындағы ойындар арқылы ұшқыр ойлауға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Сіздер зейінді, тапқыр ата-ана екендіктеріңізді көрсете білдіңіздер, көп рақмет!	
<b>Кері байланыс</b>	<b>« Бұйымтай » қоржыны асықтар арқылы қатысушы қонақтардың бұйымын сұрап қалу</b>	<b>« Бұйымтай » қоржыны Асықтар</b>

